

# КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ РЕСУРСТАРЫ

Орындаған: Аканова Т. 308 - қаржы

*Зерттеу пәні* - банктердің рестурстық базасын қалыптастыру мен жетілдіру мәселерінің тиімді нұсқалары мен шешімдерін бағалау.

*Курстық жұмыстың мақсаты* – банктің меншікті және тартылған қаражаттар құрылымына талдау жүргізу.



**Банк ресурстары** деп – банктің пассивтік операциялары негізінде қалыптасқан және барлық активтік операциялар бойынша банк өтімділігін қамтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастыруға бағытталатын банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығын айтамыз.

Банк ресурстарының құрылымына мыналар жатады:

1. Банктің меншікті капиталы.
2. Банктің тартылған қаражаттары.



Банктің меншікті қаражаттары қатарына меншікті капиталы мен оған сай келетін баптар кіреді. Коммерциялық банктердің меншікті капиталының рөлі мен шамасы, басқа қызметпен айналысатын кәсіпорындар және ұйымдарға қарағанда өзіндік ерекшеліктерге ие. Банктің меншікті капиталы арқылы, оның барлық қаражаттарға деген қажеттілігінің 10%-ы өтеледі.

Банктің меншікті қаражаттарының банктің үнемі тұрақтылығын ұстап тұруда маңызы бар. Банктің бастапқы құрылуы барысында, осы меншікті қаражаттары алғашқы шығындарды, яғни жерге, ғимаратқа, жабдықтауға, жалақыға жұмсалатын шығындарды жабады

Банктің меншікті қаражаттары – банктің экономикалық дербестігін және қызмет ету тұрақтылығын қамтамасыз ететін әр түрлі қорлар (капиталдар) мен бөлінбеген пайда жиынтығы.

Банктің меншікті қаражатына жататындар:

- банктің жарғылық капиталы;
- банктің резервтік капиталы;
- қосымша капиталы және пайда есебінен құрылған басқа қорлары;
- сақтандыру резервтері;
- бөлінбеген пайдасы.

Банктің жарғылық капиталы – банктің заңды тұлға ретінде міндетті түрде құрылуын және өмір сүруінің экономикалық негізін құрайды. Жарғылық капиталдың төменгі мөлшері Қазақстан Ұлттық банктердің пруденциалдық нормативтерімен реттеліп отырады. Банктің жарғылық капиталы, оның құрылтайшыларының қосқан жарналары немесе пайлары сомасынан тұрады.



**Резервтік қор** – банк қызметінде пайда болуы мүмкін зияндардың орнын жабу мақсатында құрылған ақшалай қаражаты.

Резервтік қор банктің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді. Резервтік қордың шамасы заңды түрде жарғылық капиталға белгілі бір пайыз мөлшерінде, айталық, 25% мөлшерінде құрылатын болса, оның мөлшері жарғылық қормен теңескен жағдайда жарғылық капиталға толығымен аударылады.

**Бөлінбеген пайда** – акциялар бойынша дивидендті төлегеннен кейін және резервтік қорға аударғаннан қалған пайданың бөлігі.

Банктің тартылған қаражаттары активтік операциялар, оның ішінде, несиелік операциялардың 90% — ға жуықтай ресурстарға деген қажетін қанағаттандырады. Олардың рөлі біршама жоғары тұрады. Заңды және жеке тұлғалардың уақытша бос қаражаттарын тарта отырып, коммерциялық банктер халық шаруашылығының қосымша айналым қаражаттарына деген сұранысымен қатар халықтың тұтыну қажетін қанағаттандырады.

**Әлемдік банктік тәжірибеде барлық тартылатын қаражаттарды жинақтау тәсілдеріне байланысты үлкен екі топқа бөледі:**

I топ — депозиттер;

II топ — депозиттік емес тартылған қаражаттар.

Тартылған қаражаттар ішінде ең көп бөлігін депозиттер құрайды. Депозиттер банк үшін бірден — бір арзан ресурс көзі болып табылады.

**Депозит** — бұл клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың) банктегі белгілі бір шотқа салған және өздері пайдалана алатын қаражаттары.

**Депозиттік емес тартылған қаражаттар** — бұл банктің қарыз түрінде немесе өз меншікті қаражаттарын сату жолымен тарататын қаражаттары.

Депозиттік емес банктік ресурс көздері мен депозиттер өзара ажыратылады. Біріншіден, олар персоналдық емес, яғни банктің нақты клиентінің атынан тартылмайды; екіншіден, мұндай қаражаттарды тарту инициативасы банктің өзінен туындайды.

Депозиттік емес тартылған ресурстармен көбіне ірі коммерциялық банктер айналысады. Өйткені, депозиттік емес қаражаттар ірі сомада сатып алынатындықтан да, оларды көтерме сауда операциялар сипатына жатқызуға болады.



**Коммерциялық банктердің ресурстары (банктің ресурстар)** – бұл оның жарғылық капиталы және резервтері, сондай-ақ банктің пассивтік операцияларын жүргізу нәтижесінде жұмылдырылатын және банктің активтік операцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ақша қаражаттары. Бұл анықтама банктің несиелік потенциалын анықтауды талап етеді. **Несиелік потенциал** – бұл банкте жинақталған ресурстардың өтімділік резервін шегергендегі жиынтығы.



Банктік ресурстарды қалыптастырудың негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1. шығыны аз ресурстарды тарту;
2. ресурстарды ұзақ мерзімге тарту;
3. міндеттемелер портфелі мерзімі және көлемі бойынша диверсификациялану керек

Банктік ресурстардың қалыптасуы және әртүрлі көздердің комбинациясының өзгеруі банк қызметі үшін өте маңызды, өйткені активтік операциялардың қорлану көлемін және бағасын анықтайды.



Нарықтық қатынастар жағдайында шаруашылық субъектінің экономикалық механизмін оның ресурстарының уақытылы қалыптасуынсыз басқару мүмкін емес. Елдегі экономикалық дамудың қазіргі уақыттағы кезеңі, кәсіпорындардың ғана емес, коммерциялық банктердің де ресурстарын басқарудың ғылымдылығына деген талаптарды күшейтеді.

Коммерциялық банктер бір жағынан, шаруашылық субъектілердің уақытша бос ақшалай қаражаттарын тартатын болса, екінші жағынан, бұл қаражаттар есебінен кәсіпорындар мен ұйымдардың әр түрлі қажеттерін қанағаттандыратын арнайы мекеме. Коммерциялық банктің пассивтік операциялық негізінде оның қызметінің жүзеге асырылуы үшін қажетті банк ресурстары жинақталады.





Көрсеткіштің атауы / күні	01.11.2014 ж.		Өсімі, (%-бен)	01.12.2013 ж.		Өсімі, (%-бен)	01.12.2012 ж.		Өсімі, (%-бен)
	млрд. теңге	Жиынтығына %-бен		млрд. теңге	Жиынтығына %-бен		млрд. теңге	жиынтығына %-бен	
Қолма-қол ақша, таза реттелген қымбат металдар және корпоративтік шоттар	1 648,7	9,8	82,5	903,2	5,9	-15,9	1 073,5	9,3	30,9
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	653,5	3,9	-23,6	855,4	5,6	-19,7	1 065,5	9,2	84,7
Бағалы қағаздар	1 994,4	11,8	-13,5	2305,1	15,2	40,4	1 641,9	14,2	84,9
Банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары	10 081,2	59,9	12,3	8974,3	59,1	-8,8	9 839,5	85,1	6,4
Капиталға инвестициялар	381,0	2,3	1,8	374,3	2,5	6,4	351,9	3,0	10,1
Өзге активтер	2 078,6	12,3	16,7	1781,9	11,7	6,8	1 669,0	14,5	55,7
Резервтер (провизиялар)	-3 821,4		17,8	-3245,2		-20,5	-4 082,5	-35,3	3,9
Активтердің барлығы	13 015,9		8,9	11948,9		3,4	11 558,8	100,0	-2,8

Қазақстан Республикасының банктерінің соңғы үш жылдағы активтер жиынтығы. 2012 жылдың желтоқсан айына екінші деңгейдегі банктер активтері 330,8 млрд. теңгеге немесе 2,8%-ға төмендеді, банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары 595,0 млрд. теңгеге немесе 6,4%-ға көбейді, резервтер (провизиялар) 3 050,6 млрд. теңгеге немесе 3,9 есеге көбейді. 2013 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 38 екінші деңгейдегі банктердің активтері 2012 жылдың желтоқсан айынан бастап 390,1 млрд. теңгеге немесе 3,4%-ға ұлғайды, банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары 865,2 млрд. теңгеге немесе 8,8%-ға азайды, резервтер (провизиялар) 837,3 млрд. теңгеге немесе 20,5%-ға азайды. 2014 жылдың қараша айына активтер 1 067,0 млрд. теңгеге немесе 8,9%-ға ұлғайды, банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары 1106,9 млрд. теңгеге немесе 12,3%-ға ұлғайды, резервтер (провизиялар) бойынша 576,2 млрд. теңгеге немесе 17,8%-ға ұлғайды



Көрсеткіштің атауы / жылы	01.01.2012	01.01.2013	01.01.2014
Жарғылық капитал	101,2	101,2	273,9
Жай акциялар	96,4	96,4	120,4
Артықшылықты акциялар	4,9	4,9	153,5
Резервтік капитал және қайта бағалау резервтері	56,8	-547,2	-236,6
Резервтік капитал	34	34	34
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервтері	2,7	2,3	2,5
Сату үшін арналған қолда бар қаржылық активтер құнын қайта бағалау резервтері	-0,1	-0,4	-5,8
Өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайда	18,6	20,2	-583,1
Бөлінбеген таза пайда	15,1	-603,3	315,8
Меншікті капитал	158,1	-445,9	37,3

Банктің 2012 жылы меншікті қаражаттары 158,1 млрд. теңгені құраса, 2013 жылы меншікті ресурстар теріс мәнге өтіп -445,9 млрд. теңгеге дефицит болды. Ал 2014 жылы Банктің меншікті капиталы қайта қалпына келіп 37,3 млрд. теңгені құрады.



Көрсеткіштің атауы / жылы	01.01.2012	01.01.2013	01.01.2014
Өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайда	18,6	20,2	-583,1
Бөлінбеген таза пайда	15,1	-603,3	315,8

Жалпы Банктің бөлінбеген таза пайдасы 2012 жылы 15,1 млрд. теңгені құрады, ал 2013 жылы бөлінбеген таза табысы немесе жабылмаған зияны 603,3 млрд. теңгеге жетіп, Банк залал шекті. Банктің пайдасы бұл жылы операциялық қызметтен туындаған жабылмаған зияндардың орнын толтыруға жұмсалып, ал қалған залалдардың орнын меншікті қаражаттар көздерінен қамтылды. Сол жылы банктің пайдасымен қатар меншікті қаражаттары да теріс нәтиже көрсеткен болатын. Ал 2014 жылы Банктің бөлінбеген таза табысы оң нәтижеге қайта құрылымдаудың табысты аяқталуымен байланысты.

Кез келген коммерциялық мекеменің басты мақсаты пайда табу екендігі баршамызға белгілі. Сондықтан да соңғы жылдары банктің табыстылыққа ұмтылуында негізгі негізгі параметрлерді анықтап алғаны дұрыс.

2014 жылы мемлекет банктердің баланстарын санациялауға бағытталған бірқатар шаралар қабылдады. 2013-2014 жылдары байқалған банк активтерінің жиынтық көлемінің өсуі (міндеттемелері қайта құрылымдаудан өткен банктерді («БТА» АҚ, «Нур банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ) қоспағанда) олардың сапасының нашарлауымен қоса жүрді. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелері 2012 жылдың желтоқсан айына 2 196,3 млрд. теңгеге немесе 21,0%-ға көбейді. Міндеттемелер құрылымында заңды тұлғалардың салымдары бойынша – 965,8 млрд. теңгеге немесе 31,3%-ға, жеке тұлғалардың салымдары – 350,1 млрд. теңгеге немесе 23,3%-ға көбейді.



Экономикаға үлкен қиыншылық қазақстандықтардың өз ұлттық валютасынан қашқақтауы болып табылады. Қазақстандықтар теңгеге сенбейді, ақшаны АҚШ долларында алуға тырысады. Мамандардың айтуы бойынша, қазір тұрғындардың қолында бірнеше миллиард АҚШ доллары бар, бұл Ұлттық банктің алтын валюталық қорларынан да артады. Осы ресурстарды өндірістік сфераға қалай бағыттау мәселесі соңғы жылдары ғана қаралуда. Елдің «долларландыруы» өз кезегінде басқа бай елдерді несиелеуді білдіреді және мемлекеттік бюджеттік және ақша саясатын жүргізуді күрделендіреді, себебі үкімет бақылауына келмейтін ақша массасының элементі артады. Нәтижесінде, Қазақстанда елдің төлеуші балансының тұрақты қолайсыз тенденциясы байқалады.

Отандық банктер үшін қазіргі уақытта жарғы (акционерлік) капиталды арттыру бірнеше себептер бойынша қиын болып келеді:

Біріншіден, қосымша эмиссияны орналастырудың мерзімі 5 айдан аспайды, бұл табиғи орналастыру кезінде (ғаламдық инвесторды қатыстырмай – ақ) жеткілікті түрде байқалатын шектеу;

Екіншіден, көптеген банктер маңызды құрылымдық өзгерістер сатысында (бұдан басқа, меншікті қаражаттардың басым бөлігі провизияларды құруға бағытталып жатыр және бағытталады), бұл табыстың бір бөлігін салудан басқа, сәйкесінше, тағы салымдарды талап етеді, және акционерлерге арналған дивиденттер деңгейіне әсер етеді, ал бұл потенциалды инвесторлар үшін басқа көптеген баламалық салымдар бар болған кезде банктер акциясында инвестициялық тартымдылықтың төмендеуіне әкеліп соғады;

Үшіншіден, резиденттердің инвестициялық мүмкіндіктері ірі, ұзақ мерзімді салымдар үшін шектелген;

Төртіншіден, көптеген инвесторлар банк қызметіне әсері мен бақылау механизмінде «көрінудің» болмауы күмәндандырады.



Жалпы айтылған мәселелердің шешімін жүйелеп айтқанда мынадай ұсыныстарды енгізе аламыз:

- Банк секторына тұрғындардың сенімін арттыру үшін теңгенің ролін нығайту мақсатында инфляциялық үрдістерді таргеттеу және бағаға бақылау жасайтын органдардың өкілеттігін кеңейту;
- Отандық банктердің ерекшелігін сипаттай алатын банктік топтарға арналған пруденциалдық нормативтер енгізу және Базель келісімінің капитал деңгейін анықтау жөніндегі көрсекіштерін банктік жүйеміздің ерекшелігіне қарай бағалау;
- Меншікті капитал базасын нығайту мақсатында банктердің жарғылық капиталын әр жыл немесе үш жыл сайын минималды шегін көтеріп отыру;
- Коммерциялық банктер аймақтық ерекшеліктерді анықтай алуы үшін мемлекет аймақтық саясатты жетілдіруі керек және қаржы мекемелерімен байланыс орнату қажет;
- Банктердің компьютерлендіру және бағдарламалық қамтамасыз ету деңгейін бақылайтын нормаларды енгізу;
- Халықтың қаржылық сауатылығын арттыру мақсатында арнайы экономикалық шолу жасайтын телеарна құру және мектептерде жоғары сыныптардағы оқушылар арасында арнайы сабақтар өткізу;



Қорытындылай келе, ресурстық базаны нығайту мақсатында банктер және Ұлттық банк тарапынан жүргізіліп жатқан шараларға оң баға бере аламыз. Алайда ұзақ мерзімдік перспективада мемлекет рөлін азайтқан жөн екенін атап өтуіміз қажет. Бұл жөнінде Елбасы да айтып өтті. Атап айтқанда, мемлекетке ақшасын қайтара отырып, банктердің активтерін сатып алуға дайын инвесторлар анықталуы қажет.

Осы шараларды жетілдіру мақсатында бірқатар шаралар жасауды жө санап, мынадай мәселелерді шешуге ұсыныс жасадық: біріншіден, ресурстық базаның көп бөлігін ұлттық валютада жинақтау қажет – ол үшін теңгеге деген сұранысты банктер тарапынан тудыру мақсатында Ұлттық банк ынталандыру шараларын жүргізуі қажет және коммерциялық банктер клиенттік базаға ұлттық валютадағы салымдарына мотивациялауы қажет; екіншіден, меншікті капиталға қатысты нормативтердің қайта қарау; үшіншіден, банктердегі бағдарламалық және компьютерлік қамтамасыз ету талаптарын күшейту және бақылайтын бағдарламалық жаңалықтар енгізу; төртіншіден, экономикадағы нақты тәуекелдер мен мүмкін зияндар туралы болжай орталығын құру және коммерциялық банктердің капитал құрылымына байланысты туындайтын тәуекелді бағалау бөлімін ашу; бесіншіден, нормативтік базаны және қадағалау қызметіндегі реформаларды қайта қарау.

